

**"Бас бостандығынан айыруға сottалғандардың жазасын өтеу кезеңінде орнын ауыстыру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2014 жылғы 22 тамыздағы № 550 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2020 жылғы 18 наурыздағы № 231 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2020 жылғы 30 наурызда № 20189 болып тіркелді

**БҰЙЫРАМЫН:**

1."Бас бостандығынан айыруға сottалғандардың жазасын өтеу кезеңінде орнын ауыстыру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2014 жылғы 22 тамыздағы № 550 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9758 болып тіркелген, "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде 2014 жылғы 30 қазанда жарияланған) мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Бас бостандығынан айыруға сottалғандардың жазасын өтеу кезеңінде орнын ауыстыру қағидаларында:

5-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"5. Сottалғандардың орнын ауыстыру кезінде оларды мекеме (жіберуші орган) киіммен, маусымдық аяқ киіммен, сондай-ақ сottалғандарға белгіленген норма бойынша "Кудіктілерді, айыпталушыларды, сottалғандарды және қылмыстық-атқару жүйесі мекемелеріндегі балалар үйлеріндегі балаларды тамақтандырудың және материалдық-тұрмыстық қамтамасыз етудің заттай нормаларын және сottалғандардың киім нысандары үлгілерін, сондай-ақ Қамауға алу немесе бас бостандығынан айыру түріндегі жазаны өтеуден босатылатын адамдардың тұрғылықты жеріне немесе жұмысына жету үшін ақысыз жол жүрумен, тамақпен немесе ақшамен қамтамасыз ету қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 28 қарашадағы № 1255 қаулысына сәйкес жол жүруінің барлық кезеңіне азық-түлікпен қамтамасыз етеді.

Егер сottалған адамды ауыстыру тергеу изоляторларының транзиттік-өткізу пункттері арқылы жүзеге асырылған жағдайда, сottалғандарды жіберуші орган келесі транзиттік-өткізу пунктіне дейін немесе межелі пунктіне дейін азық-түлікпен қамтамасыз етеді.

2. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Қылмыстық-атқару жүйесі комитеті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіpte:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты ресми жариялағаннан кейін оны Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің интернет-ресурсына орналастыруды;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркегеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Заң департаментіне осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің жетекшілік ететін орынбасарына және Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Қылмыстық-атқару жүйесі комитетіне (Ж.Б. Ешмағамбетов) жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасы  
Ішкі істер Министри*

*E. Turgumbayev*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК